

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 тамыздағы № 309 қаулысының күшін жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысының әкімдігінің 2016 жылғы 29 тамыздағы № 374 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27, 37-баптарына сәйкес Ақтөбе облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 тамыздағы № 309 "Өнеркәсіп және экспорттық бақылау саласындағы көрсетілетін мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы" қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4519 болып тіркелген, "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде 2015 жылғы 6 қазанда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

Ақтөбе облысының әкімі

Б. Сапарбаев